

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Мұнай-газ капиталы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 240 қаулысы

Оны иелену мен пайдалану құқықтары мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүліктің бухгалтерлік есебін жүргізуді және мұнай-газ операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мердігерлер мемлекетке беретін мүлікті есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласында орналасатын Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Мұнай-газ капиталы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы N 1568 қаулысы 4-тармағының 1) және 3) тармақшалары алынып тасталсын;

2) < * >

3) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі